

15 қазан
Сейсенбі,
2024 жыл

uil-gazet@mail.ru

Газет 1930
жылдың
қараша айынан
бастап шығады

Ойыл

ИТАЛИЯЛЫҚ ИНВЕТОРЛАР ШЫҒАНАҚ БЕРСИЕВ МЕКТЕБІНЕ КӨМЕК КӨРСЕТТИ



Eni SpA компаниясына тиесілі Plenitude еншілес компаниясы — «Arm Wind» ЖШС тасқынынан зардап шеккен Ойыл ауданының Қаратал ауылындағы мектепке материалдық қолдау көрсетті. Атап айтқанда, білім орда-сына олар ІТ-жабдықтарды сатып алып берді. Мұндай инвестиция ауылдағы білім сапасын арттырып қана қоймай, оқушыларды заманауи технологиялармен қамтамасыз етеді.

Мектепті заманауи жабдықтармен қамтығаны туралы «Arm Wind» ЖШС бас директоры Федерико Пульезе Ақтөбе облысының әкімі Асхат Шаровпен кездесу барысында айтты. Федерико Пульезе өз кезегінде ынтымақтастықты жалғастыруға сенім артып, іскерлік қатынастарды нығайту мен бірлескен жобаларды жүзеге асырудың маңыздылығын атап өтті. Көктемде тыныш ұйқыдан ай-

ырып, біраз өбегірге салған тасқыннан қалған үрей мемлекет тарапынан жасалған мақсатты әрекеттер мен жомарт жандардың арқасында сирей бастағаны рас. Қаратал ауылында күрделі жөндеуден өткен Ш.Берсиев атындағы орта мектеп 1 қыркүйектен бастап оқушыларды жап-жарық, жаңа мектепке қабылдаған болатын. Қазақстанда жаңартылатын энергия көздері саласындағы жобаларды жүзеге асыратын

Eni Plenitude компаниясының еншілес ұйымы болып табылатын «Arm Wind» ЖШС құны 100 млн. тұратын оқуға қажетті ІТ-құрылғыларын 10 қазан күні компания басшысы Федерико Пульезе өз командасымен және облыстық білім басшысы Жайық Исаулымен Қаратал ауылына барып ресми табыс етті. Кәсіпкерге басқарма басшысы, аудан әкімі, мектеп ұжымы мен оқушылары алғысын білдірді.

СӘУЛЕ МЕШІТБАЙҚЫЗЫ ОЙЫЛДЫҚТАРМЕН КЕЗДЕСТІ

ӨТКЕН АПТАДА «QAZAQSTAN DÁYIRI» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТИ, «МӨЛДІР БҰЛАҚ» ЖУРНАЛЫНЫҢ ЖӘНЕ «ЕЛ АНА» САЙТЫНЫҢ БАС ДИРЕКТОРЫ, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЕҢБЕК СІҢІРГЕН ҚАЙРАТКЕРІ СӘУЛЕ МЕШІТБАЙҚЫЗЫ АУДАНЫМЫЗҒА КЕЛІП, ОҚЫРМАНДАРМЕН КЕЗДЕСУ ӨТКІЗДІ.



Тағылымды кездесуді аудан әкімі Асқар Қазыбаев ашып, жүргізіп отырды. Сөз тізгінін алған Ауыл – ел бесігі» атты экспедициясымен де талай жерді аралап, ауылдардың ажарланып, өсіп-өркендеуіне үлес қосқан Сәуле Мешітбайқызы өзі басқарып отырған басылымның орны мен рөлі, елдегі жағдай туралы әңгімеледі. - Менің негізгі мақсатым – ізгілікті, жақсылықты жазу арқылы халықтың рухани кемелденуіне үлес қосу, жақсы мен жаманды айта келіп, дұрыс бағыт-бағдар беру. Ол менің аналық, перзенттік парызым. Ел боламын деген ел руханиятына шектеу қоймайды. Қазір қоғамда газет-журналдарға жазылмаймыз деген пікірді айтатындар бар. Бұл дұрыс емес. Болашағын ойлаған әрбір азамат газет-журналдарға жазылу керек, оқу керек. Бас-

пасөз – халық пен билік арасындағы алтын көпір. Бұл өте үлкен жауапкершілік. Осы жауапкершілікті абыроймен атқару – біздің міндетіміз. Жастардың шығармашылық қабілеттері, қасиеттері осы газет-журналдарымыз арқылы қалыптасады, дамиды. Халықтың рухын көтеруде басылымдардың орны ерекше, - дей келіп, Сәуле Мешітбайқызы «Qazaqstan dáyiri» газеті мен «Мөлдір бұлақ» журналының ерекшеліктеріне тоқталды, халықты газет-журналдарға жазылуға шақырды. Кездесуде аудандық аурухананың бас дәрігері Сәндібек Нұрбаев, аудандық кәсіпкерлік және ауылшаруашылығы бөлімінің басшысы Абат Мұбарқов пен Ойыл селосындағы мектептердің директорлары сөз алып, «Qazaqstan dáyiri» газетінің өзіндік ерекшеліктері жайлы айтып, алғысын білдірді. Газет ұжымына шығармашылық табыс тіледі.

«ТУҒАН ЖЕРГЕ ТАҒЫМ»

АҚШАТАУДА АУЫЛДЫҚ КЛУБ АШЫЛДЫ

ӨТКЕН СЕНБІ КҮНІ АҚШАТАУ АУЫЛЫНДА ТҰРҒЫНДАРДЫҢ ҚОЛДАУЫМЕН БОЙ КӨТЕРГЕН АУЫЛДЫҚ КЛУБТЫҢ АШЫЛУ САЛТАНАТЫ ӨТТИ. КЛУБТЫҢ ЖАҢАДАН САЛУЫНУЫНА АУЫЛ ЖАНАШЫРЫ МЕДИЦИНА САЛАСЫНЫҢ АРДАГЕРІ, «ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ ҚҰРМЕТТІ АЗАМАТЫ» ТҰРАР ШЕРИЯЗДАНҰЛЫ МЕН ОБЛЫСЫМЫЗДАҒЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ КЛИНИКАНЫҢ БАС ДӘРІГЕРІ ТӨЛЕУ САПАРОВ БАСТАП, АУЫЛ АЗАМАТТАРЫ МЕН ШАРУА ҚОЖАЛЫҚТАРЫНЫҢ БАСШЫЛАРЫ ДЕМЕУШІЛІК ЕТТИ.



Елдің жанашыр азаматтары әр тасын өз қолдарымен қалап, толықтай басы-қасында болды. Ғимараттың салынуына ел ағаларынан, халықтан 2 млн. 419,0 мың теңге жиналып, аудан басшыларының қолдауымен жергілікті бюджеттен 9,0 млн теңге қаражат бөлінді. Шараның шымылдығын Төлеу Тынышұлы ашып азаматтарға үлкен алғысы мен жылы лебізін білдірді. Сонымен қатар аудандық мөслихат төрағасы Сәкен Займолдин құттықтау сөзін арнап, Ақшатау ауылдық клубының құрылысына өз үлестерін қосып, демеушілік танытқан азаматтарды арнайы алғыс хаттармен марапаттады. Азаматтарға аудан әкімі Асқар Қазыбаевтың Алғыс хаты, «AMANAT» партиясы Ойыл

аудандық филиалының атқарушы хатшысы Еркін Жиеналиннің Алғыс хаттары табыс етілсе, мәдениет ошағы – клубтың бой көтеруіне жәрдемдескен азаматтар Ойыл ауылдық округінің әкімі Артур Амангосовтың алғыс хатымен марапатталды. Салтанатты шарада жаңа ғимараттың лентасын ауылдық жанашыр азаматтары Төлеу Тынышұлы мен Мінсізбай Сайынұлы қиды. Ақ жаулықты аналарымыз шашу шашып, шара мерекелік ән-шашумен жалғасын тапты. Еске сала кетсек, Ақшатау ауылдық клубы 2019 жылы ауыл халқының асарлатып, бастама көтеруімен қаланған болатын. Сол жылы жиналған қаражатқа құрылыс материалдары алынып, ауыл тұрғындары іргетасын құйып, қабырға-

сын көтеріп қойды. 2020 жылы әлемде коронавирустық инфекцияға байланысты пандемия орын алып, құрылыс жұмыстары тоқтап қалған еді. Бірақ, кейіннен тұралаған құрылыс жұмыстары қайта жалғасып тапты. Қаңқасы қаланған ғимаратқа ауыл жанашырлары, жырақтағы жерлестеріміз қаржы бөліп, өз деңгейіндегі жұмыстардың аяқталуына атсалысты. Ауыл жастары мен балалардың өнерінің шыңдалуына, бос уақыттарының тиімді өтуіне және ауыл мәдениетінің дамуына үлес қосатын ғимарат құрылысына қолдарынан келген көмегін аянып қалмады. Ауылдық клубтың ашылу салтанатында сөз алған

осы клубтың құрылысының басы-қасында жүріп, құрылыстың ойдағыдай аяқталуына ұйытқы болып, шаруаны ұйымдастырған ауыл ағасы Сәкен Қосжанов сақалды құрылысты екі жылда еңселі үйге айналдырған ауылдастарына алғысын айтты. **Р. С. Салтанатты сөттен соң қуанышқа жиналған жұртшылық ауыл сыртындағы бөйге алаңына қарай ағылды. Мұнда ауылдағы клубтың ашылу салтанатына орай осы ауылдың 1971-81 жылдары туған жігіттер ат шаптырып, спорттық жарыстар ұйымдастырып, қонақтарға ас берді. Серікбай ҚОЙБАҒАРОВ, Ойыл – Ақшатау – Ойыл.**



ӨНІРЛІК РЕЗЕРВ — ҮЛКЕН МҮМКІНДІК!

БИЫЛҒЫ ЖЫЛДЫҢ 1 НАУРЫЗЫНАН БАСТАП ЕЛІМІЗДІҢ БАРЛЫҚ ӨНІРЛЕРІНДЕ, РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МАҢЫЗЫ БАР ҚАЛАЛАРДА ЖӘНЕ АСТАНАДА ӨНІРЛІК КАДРЛЫҚ РЕЗЕРВТЕРГЕ ІРІКТЕУ БАСТАЛДЫ.



Келесі кезекте, 3 кезең «Құзыреттерді бағалау» Астана қаласында ағымдағы жылдың 15-мамырында Мемлекеттік басқару академиясының базасында офлайн форматта өтті. Бұл кезеңнен де сүрінбей өтіп келді.

Соңғы кезең, «Комиссиядағы құрылымдық сұхбат» кандидат таңдаған салалық бағытқа сәйкес жобаны презентациялау, қорғау облыс әкімі, Асхат Берлешұлының қатысуымен облыс әкімдігінің ғимаратында өтті. Төрағалық етуші өңірлік комиссиясына цифрландыру бағытындағы өз жобасын таныстырып, сауалдарына еркін жауап берген. Аманбек Асылбекұлы, соңғы кезеңнің қорытындысы негізінде, барлық кезеңдерден мемлекет қызмет саласында осы күнге дейін жинаған тәжірибелерінің арқасында мүдірмей өтіп, өңірлік кадр резервіне алынды. Өңірлік резервке алынған мемлекеттік қызметшілер үшін ең үлкен мүмкіндік - сайланатын лауазымдарды қоспағанда, жергілікті атқарушы органдарда «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына конкурстық орналаса алады. Алдағы уақытта Аманбек Асылбекұлын жоғары басшылық лауазымдардан көріп, елге абыройлы қызмет атқаратын басшы бола алатындығына үлкен сенім білдіреміз. **Н.АЙТҚАЛИЕВ, «Ойыл ауданы әкімінің аппараты» персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) бөлімінің бас маманы.**

СЕРГЕЛДЕН ҚАШАНҒА ДЕЙІН ЖАЛҒАСАДЫ?

ОТАН АЛДЫНДАҒЫ ӘСКЕРИ БОРЫШТЫ ӨТЕУ КӨП ПА-РЫЗЫМЫЗДЫҢ БІРІ. ӘСКЕРДЕГІ ЖЫЛДАР – ҮЛКЕН ӨМІР МЕКТЕБІ. ЖАС ӨРЕН ШЫҢДАЛАДЫ, ТӨРТІПКЕ ҮЙРЕНЕДІ, ЕСЕЙЕДІ.

Қазіргі әскери борышты өтеу - бір-ақ жыл. Алайда, бар-бар-бармастан «Ант қабылдау» рәсіміне шақырту келеді. Әке-шешесі, аға-әпкелері артынып-тартынып қарыз алып, әскердегі балаларына жетеді. Семейге, Талдықорғанға жетудің өзі азап, бірнеше поезға мінеді. Ұшынып тұрған таксиге мініп, айды сұрайтын пәтерге орналасады, қиямет-қайымды көшеді.

Жақында Үшаралға барған ата-ана пәтеракы бір күнге әр адамға 15-20 мың, бір нанның 300-400 теңгеге көтерілгенін айтып отыр. Офицерлер ұлтрақ, іш киім, жуынатын сабын мен тіс пастасына дейін әкелу керектігін ұялмастан талап етіп отырған көрінеді.

Күні кеше ғана кеткен баланың көңіл-күйі бұзылады. Ата-анасы бара алмаған баланың жағдайын ойлаудың өзі қорқынышты, ол баланың қандай психологиялық соққы алатынын елестетудің өзі азап. Намысты алға қоятын қазақ осылайша сергелденге түсіп жүр. Баласы әскерден оралса да, сол несиені ата-анасы әлі төлеп отырғанын күнде көріп жүрміз.

Бұл жайттарға депутаттардың да назар аударғанын қалар едік. Алайда, біздей шағын ауылдарға депутат ат басын бұра бермейді.

Халық үніне құлақ асатын, «Еститін үкімет» қайда?! Қорғаныс министрлігі армияны балабақшаға айналдырып алған жоқ па?

Бізде әскерде болғанбыз. Әкем Ұлы Отан Соғысының ардагері еді. Әскерге шығарып та салған жоқ, трактордың тіркемесіне мініп кете бардық. Екі жылда екі оқу-жаттығуға қатынастым, демалысқа да келіп кеттім.

Қазір әскерге шенеуніктің балалары бармайды, олар әскери комиссариаттың қайда екенін де білмейді. Тіпті ақыл-есінде ақауы бар арнаулы мектепте оқыған баланың да, әскерге барып келгенін көрдік.

Әскердегі балаларға ұялы телефон бермеу керек. Бір жыл болса да, бастары тынықсын. Әскери дайындықтан өткен, автоматты ұстаған шыңдалған азаматтарды көргіміз келеді. Қазіргідей қым-қуат кезеңде әскери техниканы ыждағатпен меңгерген жөн.

Ақпарат көздерінен қазіргі армия жағдайын көргенде көптеген келеңсіздіктердің орын алуына алаңдаймыз, қысқасы қазақ армиясының жағдайы мәз емес.

Соңғы уақытта, балаларды көшеден ұстап алып кетіп жатқанын естиміз. Ата-аналар уайымдамас үшін ашықтық, ақпараттар, ынталандырулар болғаны жөн. Онсыз қазақтың армияға кеткен баласы да, оның соңынан қалмай жүрген еке-шешесінің де сергелден болғаны болған. Сергелденді тоқтататын кез келді.

Сіз не дейсіз, ата-ана?

Саламат ШАҢҒАЛА, зейнеткер, Қаратал ауылы.

ЕGov.kz ПОРТАЛЫНДА АВТОКӨЛІК ТАРИХІН ТЕКСЕРУ СЕРВИСІ ҚОЛЖЕТІМДІ

Қазақстандықтарда eGov.kz порталында «Көлік тарихы» сервисінің көмегімен автокөлікке иелік ету тарихы туралы барлық ақпаратты тексеру мүмкіндігі пайда болды. Сервис пайдаланушыларға сатып алудың алдында көліктің тарихын тексеруге көмектеседі.

Сервисті енгізу пайдаланушыға әлеуетті сатып алу туралы қосымша ақпаратпен танысуға көмектеседі және сәйкессіздіктер туындаған жағдайда бірқатар проблемалардан сақтайды.

Тексеру үшін әлеуетті сатушыдан көліктің мемлекеттік нөмірін және техникалық паспорт нөмірін білу қажет. «Көлік тарихы» сервисі төмендегі ақпаратты ашады:

- автомобиль маркасының атауы және шығарылған жылы;
- қозғалтқыштың көлемі, шамақтың түсі және қосымша орнатылған жабдықтың болуы;
- ҚР аумағында автокөлікті алғашқы тіркеу күні;
- меншік иелері туралы дербес

НА ПОРТАЛЕ EGOV.KZ СТАЛ ДОСТУПЕН СЕРВИС ПО ПРОВЕРКЕ ИСТОРИИ АВТО

У казахстанцев появилась возможность проверить всю информацию об истории владения автомобилем с помощью сервиса «История авто» на портале eGov.kz. Сервис помогает пользователям проверить историю авто перед покупкой.

Внедрение сервиса поможет пользователю ознакомиться с дополнительной информацией о потенциальной покупке и уберезет от ряда проблем в случае возникновения нестыковок. Для проверки необходимо узнать у потенциального продавца государственный номер авто и номер техпаспорта.

Сервис «История авто» раскрывает следующую информацию:

- название марки авто и год выпуска;
- объем двигателя, цвет кузова и наличие дополнительно установленного оборудования;
- дата первичной регистрации автомобиля на территории РК;
- общее количество предыдущих владельцев с датами

деректерді көрсетпей-ақ, автокөлікті қайта тіркеу күндері бар алдыңғы иелердің жалпы саны;

•көлік құралына кепілдің немесе ауыртпалықтың болуы.

Автокөлік туралы ақпарат алу үшін пайдаланушыға:

-eGov.kz порталына кіру, «Көлік тарихы» сервисіне өтіңіз;

- «автомобильдің мемлекеттік нөмірі (МТНБ)» және «Автокөлік құралын тіркеу туралы куәліктің нөмірі (КҚТК)» енгізіңіз;

- автомобиль туралы ақпаратпен танысыңыз.

Сервис ҚР Ішкі істер министрлігінің, ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер комитетінің және «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ бірлескен жұмысының арқасында іске қосылды.

Жайнагүл СЕЙДАХМЕТОВА, «ҰАТ» АҚ Қоғаммен байланыс басқармасы.

СЕРВИС ПО ПРОВЕРКЕ ИСТОРИИ АВТО

перерегистрации автомобиля без указания персональных данных о владельцах;

•наличие залога или обременения на транспортное средство.

Сервис «История авто» раскрывает следующую информацию:

Для получения информации об авто пользователю необходимо:

- авторизоваться на портале eGov.kz, перейти в сервис «История авто»;

- ввести «Гос.номер автомобиля (ГРНЗ)» и «Номер свидетельства о регистрации транспортного средства (СРТС)»;

- ознакомиться с информацией об автомобиле.

Сервис запущен благодаря совместной работе Министерства внутренних дел РК, Комитета государственных услуг

Министерства цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности РК и АО «Национальные информационные технологии».

Жайнагүл СЕЙДАХМЕТОВА, Управление по связям с общественностью АО «НИТ».

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Шаруа немесе фермер қожалығын немесе ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру бойынша конкурсқа ұсынылатын жер учаскелерінің тізімі «Ойыл аудандық жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі

№	Жер учаскесінің орналасқан жері, жер учаскесінің лот №	Жер учаскесі қандай мақсатқа беріледі	Жалға беру мерзімі, жыл	Жалпы ауданы, га	Алқаптардың құрамы оның ішінде				Топырақтың сапалық сипаттамасы, орташа балл бонитет	Сумен қамтылуы
					Егістік	Жайыл ымдық	Шабындық	Басқа жерлер		
1	Лот 1, учаске №1, Сарбие ауылдық округі	ш/қ жүргізу үшін	10 жыл	550,0	-	549,5	-	0,5	11	қамтыл маған
2	Лот 2, учаске №1 Ш.Берсиев атындағы ауылдық округі	ш/қ жүргізу үшін	10 жыл	650,0	-	647,3	-	2,7	11	қамтыл маған
3	Лот 3, учаске №1 Қайыңды ауылдық округі	ш/қ жүргізу үшін	10 жыл	1000,0	-	999,4	-	0,6	11	қамтыл маған
4	Лот 4, учаске №1 Қайыңды ауылдық округі	ш/қ жүргізу үшін	10 жыл	800,0	-	798,8	-	1,2	11	қамтыл маған
5	Лот 5, учаске №1 Қайыңды ауылдық округі	ш/қ жүргізу үшін	10 жыл	900,0	-	898,7	-	1,3	11	қамтыл маған

ЕСКЕРТПЕ !!!

Жеке және заңды тұлға болып табылатын қатысушы конкурсқа қатысу үшін мынадай құжаттар ұсынады:

- 1) конкурсқа қатысуға арналған өтінім;
- 2) конкурстық ұсыныс;

КОНКУРСТЫҚ ҰСЫНЫСТА:

1) Бизнес-жоспар (инвестициялардың болжамды көлемі, ауыл шаруашылығы дақылдарын өңдеп-өсіру алаңдары, ауыл шаруашылығы жануарларының мал басы, қолданылатын агротехнологиялар, ауыл шаруашылығы техникасы мен технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы саласындағы білікті мамандардың болуы, құрылатын жұмыс орындарының саны);

2) Шаруашылық ішілік жерге орналастыру жобасын жасау және игеру, ауыл шаруашылығы инфрақұрылымын дамыту жөніндегі іс-шараларды орындау жөніндегі міндеттемелер;

3) Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді ұтымды пайдалану қағидаларын қоса алғанда, Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарын орындау, өңірдің мамандануына сәйкес ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алаңдары құрылымын әртараптандыру бойынша индикативтік көрсеткіштерді орындау, ғылыми негізделген агротехнологияларды, фитосанитариялық және карантиндік талаптарды сақтау жөніндегі міндеттемелер қамтылуға тиіс.

Конкурстық ұсыныстың беттері нөмірленіп, тігілен түрде мөрленген немесе өшірілмейтін сиямен жазылған жабық конвертте ұсынады, конкурстық ұсыныстың соңғы беті жеке тұлғалар (немесе сенімді өкіл) үшін – қатысушының қолымен және заңды тұлғалар үшін – бірінші басшының (немесе сенімді өкіл) қолымен және мөрімен (бар болса) куәландырылады.

Конкурсқа қатысуға арналған өтінімдерді қабылдау және тіркеу конкурс өткізу туралы хабарлама жарияланған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн өткен соң, 15 (он бес) жұмыс күн аралығында өтінім қабылдау және тіркеу жүргізіледі. Конкурсқа шығарылатын жер учаскелерінің орналастыру схемасымен жергілікті атқарушы органның интернет-ресурсында, ауылдық округтердің және аудандық жер қатынастары бөлімінің ақпарат бұрыштарынан танысуға болады.

Толық ақпаратты «Ойыл аудандық жер қатынастары бөлімі» ММ-нен, байланыс телефондары арқылы 8(71332) 2-18-80 алуға болады.

ИНФОРМАЦИОННОЕ ОБЪЯВЛЕНИЕ

ГУ «Отдел по земельным отношениям Уилского района» объявляет о проведении конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) на земельные участки сельскохозяйственного назначения для ведения крестьянского или фермерского хозяйства.

№	Номер лота и место расположения земельного участка	Целевое назначение земельного участка	Срок аренды зем. участка	Площадь, га	Состав угодий в том числе				средний балл бонитет	Оснащен реками, озерами
					Пашня	Пастбища	Сенокос	Другие земли		
1	Лот 1, участок №1, Сарбиеский сельский округ	Для ведения к/х	10 лет	550,0	-	549,5	-	0,5	11	Не оснащен
2	Лот 2, участок №1 сельский округ им.Ш.Берсиева	Для ведения к/х	10 лет	650,0	-	647,3	-	2,7	11	Не оснащен
3	Лот 3, учаске №1 Кайыңдинский сельский округ	Для ведения к/х	10 лет	1000,0	-	999,4	-	0,6	11	Не оснащен
4	Лот 4, участок №1, Кайыңдинский сельский округ	Для ведения к/х	10 лет	800,0	-	798,8	-	1,2	11	Не оснащен
5	Лот 5, участок №1, Кайыңдинский сельский округ	Для ведения к/х	10 лет	900,0	-	898,7	-	1,3	11	Не оснащен

Примечание !!!

Для участия в конкурсе являющийся физическим и юридическим лицами представляет следующие документы:

- 1) заявка на участие в конкурсе;
- 2) конкурсное предложение;

В конкурсном предложении:

1) Бизнес-план (прогнозный объем инвестиций, площади возделывания и возделывания сельскохозяйственных культур, поголовье сельскохозяйственных животных, применяемые агротехнологии, наличие сельскохозяйственной техники и технологического оборудования, квалифицированных специалистов в области сельского хозяйства, количество создаваемых рабочих мест);

2) разработка и освоение внутрихозяйственного землеустроительного проекта, выполнение мероприятий по развитию инфраструктуры сельского хозяйства;

3) обязательства по выполнению требований земельного законодательства Республики Казахстан, включая правила рационального использования земель сельскохозяйственного назначения, выполнению индикативных показателей по диверсификации структуры посевных площадей сельскохозяйственных культур в соответствии со специализацией региона, соблюдению научно-обоснованных агротехнологий, фитосанитарных и карантинных требований.

Предложения представляются в запечатанном конверте, пронумерованным, прошитыми или несмываемыми чернилами, последняя страница конкурсного предложения заверяется подписью участника – для физических лиц (или поверенного) и подписью первого руководителя (или по доверенности) и печатью (при наличии) – для юридических лиц.

Прием и регистрация заявок на участие в конкурсе производится по истечении 30 (тридцати) календарных дней со дня опубликования извещения о проведении конкурса, в течение 15 (пятнадцати) рабочих дней. С схемой размещения земельных участков, выставляемых на конкурс можно ознакомиться на интернет-ресурсе местного исполнительного органа, в информационный уголок сельских округов и районного отдела земельных отношений.

Более подробную информацию можно получить в ГУ «Отдел по земельным отношениям Уилского района» по телефону 8(71332) 2-18-80

МЕРЕКЕЛІК ҚАБЫЛДАУ - МЕРЕЙЛІ МӘЗЕТ

ӨТКЕН АПТАДА ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ПОЧТА КҮНІНЕ ОРАЙ АУДАН ӘКІМІ АСҚАР ҚАЗЫБАЕВ «ҚАЗПОШТА» АҚ-Ы ОЙЫЛ АУДАНЫ ФАКТАЛЫҚ ФИЛИАЛЫНЫҢ ҰЖЫМЫН ҚАБЫЛДАДЫ.



Пошта қызметі түйткілі көп сала. Соған қарамастан халыққа жалақы, зейнетақы мен жәрдемақы беріп, бағылымдарды таратып, түрлі төлемдерді қабылдап, аудан халқына қаржылық қызмет көрсетіп отырған іргелі ұжымның өз жұмыстарын қандайда қиындыққа қарамастан үздіксіз атқарып келе жатқан қызметтеріне ерекше

тоқталған аудан әкімі бірқатар қызметкерге алғыс хатын ұсынып, мерекелік сыйлығын табыстады.

«Қазпошта» АҚ-ы Ойыл аудандық филиалының директоры Рая Оралбаева атаулы күнде назардан тыс қалдырмай, уақыт бөліп, арнайы қабылдау өткізген аудан басшылығына ризашылығын білдірді.

«ШЫН ЖҮРЕКТЕН» ҰСЫНЫЛҒАН ҰҚЫЛАС ХАЛЫҚАРАЛЫҚ МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ ЖАНДАР КҮНІНЕ ОРАЙ «ШҰҒЫЛА» МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ДЕМАЛЫС ОРТАЛЫҒЫ МЕН АУДАНЫҚ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ ЖӘНЕ ӨЛЕУМЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАР БӨЛІМІНІҢ ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН «ШЫН ЖҮРЕКТЕН» АТТЫ МЕРЕКЕЛІК МӘДЕНИ ШАРА ӨТТІ.

Шараға аудан орталығындағы ерекше қабілеті бар жандар шақырылып, аудандық мүгедектер қоғамдық қорының төрағасы Т.Шалабаев құттықтады.

Ауданда инваксия қызметін жүргізіп отырған "Ғажап" қоғамдық бірлестігінің басшысы О. Серікқалиқызы сөз алып, демеушілік танытып, сыйлықтарын үлестірсе, "Көкжар" мешітінің бас имамы Б.

Қызырұлы, жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы С. Дәулетқалиевтер демеушілер тарапынан ұсынылған сый-сияпаттарды табыстады.

"Шұғыла" мәдениет және демалыс орталығы жанындағы "Үкілі үміт" қызығушылық клубының мүшелеріне жеке кәсіпкерлер Р. Асылбаева, Ж. Маханова, аудандық аналар кеңесі демеушілік танытты.

ҰСТАЗДЫҢ АНЫҚ ЖҮЙРІГІ...



Жас ұрпақты біліммен қаруландырып, ұлттық рухта тәрбиелейтін, келешек ел басқарып, жер-суына иелік ететін, елін гүлдендіріп, мерейі мен мәртебесін көтеретін, жасампаз азаматтарды шыңдайтын киелі алтын ұя, ол - мектеп. Ал мектептің даңқын шығаратын шәкірті мен ұстазы.

Сол мектептің кемеліне жеткен кемеңгерлері, даңалықпен сөз толғайтын парасатты істің иелері зор құрметке лайықты. Міне осындай құрметке лайықты ұстаз Ойыл ауданы «Көсембай негізгі мектебі» қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, педагог-шебер, мектеп тренері Шара Дәрібаева.

Шығармашыл ұстаз Қазақстан Республикасы оқу-ағарту министрі Ғ. Бисембаевтың атынан Жас ұрпақты оқыту және тәрбиелеу ісіндегі елеулі табыстары үшін «Б. Алтынсарин» төсбелгісімен марапатталды.

Осы марапатқа жету жолында қаншама жылдық педагогикалық еңбек жатыр. Шара Қайыржанқызы өзінің шығармашыл еңбегі арқылы «Ұстаздың анық жүйрігі» деген атқа лайық болып келеді. Сапалы білімнің қорғаушысына, қолдаушысына, білімнің қалаушысы, білімнің зергеріне, жай ғана зергер емес, ұзақ жылдағы тәжірибе арқылы адамның жан-дү-

ниесін, сана-сезімін тәрбиелейтін зергерге айнала білді. Ұстазымыздың халықаралық, республикалық, облыстық пәндік олимпиадаларда ғылыми зерттеу жобаларын қорғауда шәкірттері жүлделі орындарды иеленіп келеді. Шара Қайыржанқызы өзін дамыту барысында лайықты марапаттарды алып келеді. Атап айтсақ: «Жарқын» республикалық ғылыми-ақпараттық, танымдық-тәрбиелік журналының ұйымдастыруымен үздік ізденімпаз ұстаздар қызметкерлері арасында өткен «Мәңгілік ел ұстаздары» байқауында білім беру үрдісінде жаңашылдықтарды енгізе отырып, ерекше қабілетімен көзге түскені үшін арнайы дипломмен, Халықаралық «Өрлеу-өркендеу» ғылыми-ақпараттық, танымдық-тәрбиелік журналының ұйымдастыруымен үздік ізденімпаз ұстаздар қызметкерлері арасында өткен «Мәңгілік ел ұстаздары» байқауына қатысып, үздік жұмысымен дәлелдеп, қоғам мен мемлекет өміріндегі білім беру жүйесінің маңыздылығын арттыруға ықпал жасап, мәңгілік елдің жарқын болашағы жастардың шығармашылық қабілеттерінің дамуына мүмкіндік туғызып, ұрпақ тәрбиесі жолындағы адал еңбегі үшін өз бағасын алып келеді.

Бұл жетістіктердің бір бөлігі ғана. Адал әрі табанды еңбегімен табысқа жеткен адамдар қашан да құрметке лайық. Балаға үйретуден жалықпайтын мамандар түрлі ізденістерімен тың жобалар арқылы бүгінде білім берудің сапасын арттырып келеді. «Алты Алаш бас қосса, төр-мұғалімдікі» деп Алаш ардақтысы Мағжан Жұмабаев айтқандай, ұстаз еңбегі, ұстаз абыройы бәрінен биік. Ұстазымыз алған мерейлі марапатымен құттықтаймын!

Толғанай ӨМІРЖАНҚЫЗЫ, Ақтөбе қаласы.

АБЫРОЙЛЫ ЕҢБЕКПЕН - ҚҰРМЕТТІ ЗЕЙНЕТКЕ!

Зейнетке шығу – әр адамның өміріндегі маңызды кезеңдердің бірі. Жастық шағын еңбекпен өткізген әр адамның құрметпен зейнетке шығуы абырой, кейінгіге үлгі боларлық дәреже. Білім саласында өзіндік үлес қосқан "Жолшы" балабақшасының басшысы Ажар Мырзағалиқызын "Абыройлы еңбекпен - құрметті зейнетке" атты зейнеткерлікке шығарып салу кеші өтті. "Шұғыла" мәдениет және демалыс орталығында өткен шара барысында әріптесіміздің еңбек жолының естеліктерінен дайындалған бейнероликтер көрсетілді. Бейнебаянда еңбек жолын бастағаннан зейнет жетістіктері қамтылды.

Салтанатты кеш мерекелік бағдарламамен жалғасып,

қуаныш иесі өз еңбек жолындағы қызықты кезеңдермен бөлісіп, ыстық ықыласқа рақметін жеткізді. Мерейлі мерейтойға ортақтаса, қуанышты сәтінің куәсі болып аудандық білім бөлімінің сектор меңгерушісі Есенгелді Бегалин, ағайын-туыстары, әріптестері мен замандастары жиналып, жүрекжарды ақ тілектерін ақтарды. Сонымен қатар, алғыс хаттар және естелік сыйлықтар табысталды. Зейнетке құрметтеп шығарып салу, оның талай жылғы еңбегіне алғыс айту, тұлғасына құрмет көрсету дәстүрі екендігін тілге тиек еткен аудандық білім беру қызметкерлері кәсіподағының төрағасы Гүлмира Избағамбетова Ажар Мырзағалиқызына шипажайға жолдама табыстады.



КАРАТАЛДЫҚ ЖІГІТТЕРДІҢ ҮЛГІСІ

Ш. БЕРСИЕВ АТЫНДАҒЫ МЕКТЕПТІҢ 1999 – ЖЫЛЫ БІТІРГЕН ТҮЛЕКТЕРІНІҢ 25 ЖЫЛДЫҚ КЕЗДЕСУ ҚҰРМЕТІНЕ ОРАЙ ҚАРАТАЛ АУЫЛЫНЫҢ 1982 ЖЫЛЫ ТУЫЛҒАН ЖІГІТТЕРДІҢ ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН 35 ЖАСТАН ЖОҒАРЫ СПОРТШЫЛАР АРАСЫНДА ВОЛЕЙБОЛДАН ТУРНИР ӨТТІ. ДҮБІРЛІ ДОДАҒА ОЙЫЛ АУДАНЫНА ҚАРАСТЫ КӨПТОҒАЙ, АМАҒЕЛДІ, ҚАРАОЙ, ҚАРАТАЛ, САРАЛЖЫН, САҒА, АУЫЛДАРЫНАН ЖӘНЕ ОЙЫЛ АУДАНЫНА ҚАРАСТЫ АУЫЛДАРЫНЫҢ 1970 ЖЫЛҒЫЛАРДАН БІРЛЕСКЕН АРДАҒЕР КОМАНДАЛАРЫ ҚАТЫСТЫ.

Волейбол турнирінің басты мақсаты – аудан аралығындағы ауылдардың достық қарым-қатынасын нығайту, су тасқынынан кейінгі ауыл азаматтарының көңілдерін көтеріп, салауатты өмір салтына шақыру. Жарыстың салтанатты ашылу рәсіміне түлектердің ұстазы Есен Максимов, ҚР волейболдан спорт шебері Жәнібек Бисенбаев, ардагер спортшылардың белсендісі Айбек Абдрешов қатысып, түлектерді 25 жылдық мерейтойларымен құттықтап, жарысқа қатысушы командаларға сәттіліктер тіледі.

Құттықтаудан кейін мемлекеттік Әнұран шыққалып, командалар жеребе бойынша топтарға бөлініп, жарыстарын бастады. Түскі үзілісте барлық қатысушылар ұйымдастырушылар тарапынан «Шахризада» мейрамханасында жайылған дастарқаннан дәм татып, турнирді ұйымдастырушыларға ризашылықтарын білдірді. Ауданымыздың абыройын асқақтатып, ауызбіршілік пен ынтымақтастықты нығайтуға бағытталған осындай шаралар бұдан кейін де тұрақты өткізілетіндігі айтылды.



Жеңіс үшін талаптанған 7 команда ойыны жарыс көркін қыздырды. Спорттық жарыс өте тартысты өтті. Әсіресе 62 жасқа толса да жастардан кем ойнамаған Саралжын командасының спортшысы Жәнібек Бисенбаев мықты ойыншы екендігін дәлелдеді. Тартысты да қызықты өткен жарыстың нәтижесінде 1-орынды «Саға» командасы жеңіп чемпион атанса, жүлделі екінші орынды «Саралжын» командасы, үшінші орынды «Көптоғай»

командасы қанжығасына байлады. Ұйымдастырушылар барлық жеңімпаздарды дипломдармен, кубоктар және бағалы сыйлықтармен марапаттады. Сонымен қатар, «Үздік шабуылшы», «Үздік байланыстырушы», «Үздік қорғаушы», және «Ардагер ойыншы» номинациялары бойынша ескерткіш сыйлықтар табысталды. Барлық медальдармен ескерткіш сыйлықтар арнайы тапсырыс арқылы 25 жылдық кездесу логотипімен

жасалынған. Еске сала кетейік, бұған дейін Түлектер ауылдың су тасқынынан зардап шегуіне байланысты кездесуді кейінге шегеріп, жинаған қаражаттарына қазақ үйлер алып, туып өскен ауылдары Қараталға 12 қазақ үйі табыстаған болатын. Жақсылықты жарастыруға тырысып жүретін түлектер әр кездесу мерейтойларында ауыл игілігі үшін қажетті сыйлар табыстап, спорттық шаралар ұйымдастыруды үрдіске айналдырған.

ОЙЫЛ АУДАНЫҚ МӘСЛИХАТЫ ТӨРАҒАСЫНЫҢ 2024 ЖЫЛДЫҢ IV ТОҚСАНЫНА АРНАЛҒАН АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Мемлекеттік мекеменің атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін тұлғаның Т.А.Ж., лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
«Ойыл аудандық мәслихатының аппараты» ММ	Займолдин Сәкен Ғазизұлы, аудандық мәслихат төрағасы	Әр жетінің сейсенбі күндері Уақыты: Сағ.: 10-00 ден 12-00 ге дейін	Ойыл селосы Құрманғазин көшесі №43	2-13-70

САРАЛЖЫН АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ 2024 ЖЫЛДЫҢ IV ТОҚСАНЫНА АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

№	Қабылдау жүргізетін адамның аты – жөні	Қабылдау күндері мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
1	Саралжын ауылдық округі әкімі М.Тажигалиев	Қазан 1, 8, 15, 22, 29 Қараша 5, 12, 19, 26 Желтоқсан 3, 10, 17, 24, 31 Уақыты сағ.: 9:00 ден -12.00 ға дейін	Ботакөз көшесі – 2 № 12	74 – 001

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ
«Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Саралжын ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-сінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы фактілер анықталған жағдайда төмендегідей сенім телефонына хабарласуды сұрайды. Сенім телефоны 74-001, сонымен қатар ғимаратта ұсыныс-пікір салу үшін жәшік орнатылған.

ГҮЛСІМНІҢ ТУЫНДЫЛАРЫ — ОБЛЫСТЫҚ КӨРМЕДЕ



Өткен аптада облыс әкімі А. Шахаровтың қолдауымен Ақтөбе қаласының 155 жылдығына және Республика күніне орай қалалық мәдениет үйінде "Ақтөбе - шексіз мекенім" атты ерекше қабілеті бар жандардың мерекелік концертті өтті. Шара аясында Ойыл ауданы атынан "Шұғыла" мәдениет және демалыс орталығы жанындағы "Үкілі үміт" қызығушылық клубының мүшесі Гүлсім Елекбаева өзінің қолөнер бұйымдары көрмесімен қатысты. Шара соңында естелік сыйлықтар табысталды.

"ТАЗА КАЗАҚСТАН"

ЕЛІМІЗДЕ 300 МҮНДІ АСТАМ КӨШЕТ ОТЫРҒЫЗЫЛДЫ

Еліміздің орман алқабы 2030 жылға қарай 14,5 млн. гектарға дейін ұлғаяды. Экология және табиғи ресурстар министрлігінің мәліметінше кейінгі жылдары қолға алынған шаралардың арқасында еліміздің орманды аумағының көлемі 5%-ға дейін артып, 267 мың гектарға артқан. Орманды сақтап қалу мақсатында орман қорғау мекемелерін өртке қарсы техникамен жабдықтауға, орман шаруашылығындағы қызметкерлерді әлеуметтік қолдауға (түлектер үшін 100% үстемәкі төлемі) байланысты бірқатар шара қабылданды. Биыл еліміздің орман шаруашылығы тарихында алғаш рет 52 млрд. теңге бөлініп, 1384 бірлік өртке қарсы техника және 921 тіркеме жабдықтау сатып алынды, оның ішінде 40 млрд. теңге лизинг есебінен бөлінді. Бұл шаралар еліміздегі орман өрті жиі

болатын өңірлердегі орман қорғау мекемелерін 100%-ға дейін жарақтандыруға мүмкіндік береді. Соңғы төрт жыл ішінде 651 мың гектар алаңда, атап айтқанда, Арал теңізінің құрғаған табанында 413 мың гектарға ағаш, ал еліміз бойынша жалпы 975 млн. түп көшет отырғызылған. Елді мекендерді көгалдандыру жұмыстарының аясында кейінгі төрт жылда 12 млн түп көшет, оның ішінде биыл "Таза Қазақстан" акциясы шеңберінде 300 мыңнан астам көшет отырғызылды. Аталмыш шаралардың орман тәлімбақтарын дамытуға ықпалы зор. Кейінгі 4 жыл ішінде 1300 гектар жердегі орман тәлімбақтары қалпына келтіріліп, жаңа тәлімбақтар дайындалды. Еліміздің мемлекеттік орман қорында 5,2 млн. гектар шамасында орман отырғызуға болатын жер бар.